



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысындағы алапат өртке байланысты Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар, ең алдымен, табиғат апаты кезінде қаза тапқан азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

– Елімізде тағы да алапат өрт болып жатыр. Өкінішке қарай, тілсіз жаумен күрес кезінде азаматтарымыз қайтыс болды. 14 адам қызметтік міндетін атқарып жүріп ерлікпен қаза тапты. Мен жаңа ғана бұл адамдардың туыстарымен кездестім. Өте ауыр әңгіме болды. Жұрт жылап отыр. Үкіметке наразылығын айтып жатыр. Марқұмдардың отбасыларына және жақындарына қайғыра көңіл айтамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент жаңадан тағайындалған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановты таныстырып, ведомствоға жүктелетін басты міндеттерді атап өтті.

– Алда ауқымды жұмыс бар. Жалпы, бұл салада түйткілдер, шешілмей жатқан мәселелер аз емес. Қазіргі таңда негізгі міндет – жұмысты сапалы жүргізу. Бұл – ең алдымен, осындай апаттарға жол бермеу қажет, сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде тиісті шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек деген сөз. Бұл жағдай кәсіби салғырттықты, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтынымызды көрсетті. Мен бұған тағы да көз жеткіздім. Ал қазіргі таңда сапалы, дұрыс жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Мұны мойындауымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, бұл саланың жұмысын түбегейлі жақсарту қажет. Министрлік және оның басшылары өздерінің қызметтік міндеттеріне селқос қарайды. Не істеу керек екенін білмейді. Шұғыл шешімдер қабылдамайды. Сондықтан осындай қайғылы жағдай болып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өртпен күрес шараларының басы-қасында жүрген Төтенше жағдайлар вице-министрі Марат Күлдиков пен Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевтың табиғат апаты салдарымен күресу, жақын маңдағы елді мекендер тұрғындарын эвакуациялау және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы баяндамаларын тыңдады. Президент баяндамашылардың жауабына көңілі толмайтынын жеткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановқа батыл кадрлық шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма берді. Ал Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаевқа сөгіс жариялады. Президент қазір адам өмірін сақтау,

сондай-ақ өртті ауыздықтау басты мақсат екенін атап өтті.

Сонымен қатар Үкімет пен облыс әкімдігіне келтірілген шығын көлемін шұғыл анықтау, зардап шеккен тұрғындардың бәріне қолдау көрсету, қаза тапқан азаматтардың отбасына және зардап шеккен адамдарға өтемақы төлеу мәселесін шешу, алапат өрт кезінде өмірін құрбан еткен жандарды мемлекеттік наградаға ұсыну, бүлінген нысандарды қалпына келтіру жұмыстарын дереу бастау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысында болған өрттен қорытынды шығарылмағанын, берілген тапсырмалар атүсті орындалғанын қатаң сынға алды.

– Қауіп-қатердің бағаланбағаны қазірдің өзінде түсінікті болып отыр. Болжам дұрыс жасалмады. Нәтижесінде табиғат апаты тиісті дәрежеде әрі дер кезінде



ауыздықталмады. Демек, тиісті алгоритмдер жұмыс істемейді. Бұл, ең алдымен, ТЖМ-нің кемшілігі.

Бас прокуратураға қозғалған қылмыстық іс аясында уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардың іс-әрекетіне нақты баға беруді тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент орман және дала өрті алдын ала анықтау және апатты жағдайдан сақтандыру жөніндегі жұмыс тәртібі жолға қойылмағанына назар аударды.

– **Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен өңірлердің әкімдері мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, өрт ошақтарын ерте анықтаудың цифрлық жүйелерімен жабдықтауы, өртті бейнебақылау және мониторинг жасау жүйелерін енгізу шараларын қабылдауы керек. Мұндай жүйелерді енгізгенге дейін орман алқабын азияция арқылы және жерден бақылау, сондай-ақ өрт қаупі жоғары кезеңдерде «ұшқышсыз ұшатын аппараттары» қолдану жиілігін арттыруы қажет. Сонымен қатар**

табиғатты қорғау және орман мекемелерін өртке қарсы техникалармен жабдықтау деңгейін талапқа сай нормаларға дейін жеткізуі керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы былтыр Қостанай облысындағы өрттен кейін азаматтық қорғаныс мекемелерінің, жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға нақты дайындығын тексеру жөнінде тапсырма бергенін еске салды. Өкінішке қарай, нәтижесі көңіл кеншітпейді. Материалдық-техникалық жабдықтау көрсеткіші 69 пайыз, функционалдық инфрақұрылыммен жабдықтау 63 пайыз деңгейінде. Ал орталық және жергілікті атқарушы органдардың төтенше жағдайларға әзірлігі 70 пайыз.

– **Үкімет дайындық көрсеткіштерін төтенше жағдайларға тиісті дәрежеде төтеп беретін деңгейге жеткізуі қажет. Әлемде бірде-бір мемлекет көп кәсіби өрт сөндірушіні ұстап тұра алмайды. Еріктілер отрядтарын тарту тәжірибесі кеңінен қолданылады және оларды оқытады, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді және сақтандыру шаралары қарастырылады. Бізде де бұл нормалар заң жүзінде қарастырылған. Біз бұл ресурсты белсенді пайдалануымыз керек. Жаздың ыстығы енді ғана басталды. Кез келген уақытта өрт шығуы мүмкін. Сондай кезде өртке төтеп беру үшін дайындық сақадай сай болуға тиіс,** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Сонымен қатар Мемлекет басшысы орман алқаптарында жүрген кезде қауіпсіздік ережесін бұзатын азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тарту қажет екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар жөніндегі жедел штабтың отырысынан кейін өрт сөндіруге жұмылдырылған құтқарушылармен және еріктілермен кездесті.

– **Баршаңызға алғыс айтамын. Еріктілер, сіздерге де ризамын. Жарайсыздар. Сіздердің сіңірген еңбектеріңіз мемлекет тарапынан елеусіз қалмайды. Үлкен апат болды. 14 адам қаза тапты. Жаңа ғана азаматтармен кездестім. Өте ауыр жағдай. Сондықтан осындай қасіретті апат кезінде біріміз бір халық, бір ұлт болып бірге жұмыс істеуіміз керек. Жаңа ғана кеңес өтті. Ұйымдастыру шараларын талқыладық. Төтенше жағдай барлық елде болады. Ең бастысы, біз осы төтенше жағдайды, әсіресе өртті адам шығынына жол бермей, уақытылы, тез ауыздықтай білуіміз керек. Аман болыңыздар,** – деді Президент.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫҢ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҮЙЛЕСТІРУМЕН ӨТЕТІН БРИФИНГТЕГІ БАЯНДАМАСЫ



Құрметті журналистер! Жер жылатпай Жетісуда қос келдіңіздер! Бүгін сіздермен Жетісудың табиғаты аясында жүздесіп отырғаным аяныштымын.

Қазіргі облыс халқының саны – 700 мың адам, жер көлемі – 118 мың шаршы шақырым. Алматы облысының құрамынан бөлінгенде өңірімізде экономиканың құрылымына, бюджет кірісінің аз бөлігі қалуына, тағы басқа объективті факторларға байланысты бірқатар көрсеткіштер төмендеген еді.

Дегенмен 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыста барлық негізгі нысаналы индикаторларға қол жеткізіліп, облыс аймақтар арасында төртінші көрсеткіш көрсетті. Биылғы жылдың 5 айында оң динамика арта түсті. Мысалға сауда 1,8 есеге, республикалық бюджеттің түсімдері – 2,8 есеге, құрылыс көлемі – 31,3%-ға, өнеркәсіп өнімі – 14,1%-ға өсті. Жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 39,3%-ға жетті (ҚР – 36,5%). Биыл облыс бюджеті 486 млрд. теңгеге жетіп, 16 пайызға өсті.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев облысымызға жұмыс сапарымен келіп, өңірді әлеуметтік-экономикалық жағынан одан әрі дамыту бағытында бірқатар тапсырмалар берген болатын. Соған сәйкес пайдаланбай жатқан жерлерді қайтару жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылы агроарыштық түгендеу жұмыстары нәтижесінде пайдаланбай жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1,077,2 мың га жер анықталды, оның 857,2 мың га жайылымдық жер. Қабылданған шаралар нәтижесінде жайылымдық жердің 327 мың га айналымға енді, 401,7 мың га жер иелеріне бұзушылықтарды жоюға 1 жыл мерзімге нұсқамалар берілді, 128,5 мың га жер мемлекет меншігіне қайтарылды (6,9 мың га егістік жер, о.і. 3,6 мың – суармалы; шабындық – 300 га; жайылым – 121,3 мың га). Қалған 220 мың гектар биыл қайтарулы тиіс.

Бүгінгі күнге қайтарылғаны 101,4 мың га (46,1%). Қант саласын дамыту аясында осы жылы қант қызылшасының алқабы 2 есеге ұлғайып, 8 515 гектар (365 мың тонна) болды. Одан 47 мың тонна қант өндіру жоспарлануда. Бұл өңірдің қантқа теген сұранысын толық жауып (11 мың тн), өнімді еліміздің басқа өңірлеріне шығаруға мүмкіндік береді. Су шаруашылығы нысандарын қайта жаңғырту мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ислам Даму Банкі қаражаты есебінен Ақсу ауданында 6,3 млрд. теңгеге суару жүйелерінде құрылыс жұмыстары биыл аяқталады, ал Көксу ауданында осы жылы басталады, 8,3 млрд. теңге қарастырылған. Нәтижесінде Ақсу ауданында 11,5 мың га, Көксуда – 13,6 мың гектар жерлер су-

мен қамтылады. Сонымен қатар Ақсу ауданындағы Қызылағаш суару массивінің құрылысына республикалық бюджеттен 8,9 млрд. теңге бөлініп, бүгінгі күнге су құбырлары салына бастады. Биыл бітуі тиіс. Нәтижесінде 6,7 мың гектар жерге суару жүйелері салынады, оның 5,3 мың га жаңа жерлер. Жалпы 30 мың гектар алқап суармалы сумен қамтылады. Мал шаруашылығында төрт түлік малдың саны 2023 жылы 3,018 мың басқа жетті (ірі қара 613,3 мың, қой-ешкі – 2,183,5 мың, жылқы – 201,4 мың, түйе – 2,1 мың) нәтижесінде өткізгісі (100,5%, 28,6 мың тн.), мен сүт өндірісі (101,1%, 87,3 мың тн.) артты. Жалпы жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,8% өсіп, 544 млрд. теңгеге жетеді деп жоспарланған. Осы саланы бұдан әрі дамыту үшін 2027 жылға дейін құны 57,9 млрд. теңге болатын 53 инвестициялық жобаны іске асыру көзделіп отыр. 1,2 мың жаңа жұмыс орны ашылады. Оның ішінде «Ірі жобалар» пилоттық жобасы аясында – 44,8 млрд. теңгеге 18 жоба көзделсе, биыл 400 басқа арналған, 2 млрд. теңгелік тауарлы сүт фермасы салына бастайды (іске қосу мерзімі – 2024 ж.). Ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру шеңберінде 3,2 млрд. теңге бөлінді, 562 үміткерден пул қалыптастырылды. В целом в регионе ведется системная работа по привлечению инвестиций во все отрасли. Сформирован инвестиционный портфель до 2026 года, включающий 146 проектов на 1,6 трлн. тенге с созданием 7,1 тысяч рабочих мест. С начала образования области реализовано 47 проектов общей стоимостью 38 млрд. тенге, создано более тысячи рабочих мест (из них с начала т.г. реализовано 8 проектов на 1,7 млрд. тг., создано 68 раб. мест). Остановлюсь на крупных из них.

Эта модернизация и запуск простаивающего более 10-ти лет завода по производству высокомарочного кремния «Kazsilicon» мощностью 6 тыс. тонн (3,9 млрд. тг. 210 раб. мест). Ввод в эксплуатацию завода по прямому восстановлению железа «Электромарганец» в городе Текели мощностью 20 тыс. тонн (4,4 млрд. тенге, 100 раб. мест).

Завершение модернизации Аксуского сахарного завода, запуск которого запланирован на август текущего года. Кроме того, начата реализация проекта по разработке месторождения Коксай и строительство горно-обогатительного комбината мощностью переработки 50 млн. тонн руды (860 тыс. тонн медного концентрата). Будет инвестировано 976 млрд. тенге, создано 2300 рабочих

РЕКОМЕНДАЦИИ ПРИ ПОВЫШЕННОЙ ЗАДЫМЛЕННОСТИ ВОЗДУХА ПРИ ЛЕСНЫХ ПОЖАРАХ



При повышенной задымленности атмосферного воздуха, вызванной лесными пожарами, с целью предупреждения отравления людей продуктами горения, обострения сердечно-сосудистых, легочных и прочих хронических заболеваний, предупреждения острых приступов заболеваний следует уделять особое внимание профилактическим мероприятиям, ограничивающим поступление в организм вредных химических веществ.

Кто подвергается наибольшему риску от дыма лесных пожаров?

-Люди с заболеваниями легких, такими, как ХОБЛ, астма или болезни сердца, подвергаются более высокому риску воздействия дыма от лесных пожаров;
-Пожилые люди более подвержены воздействию дыма. Это может быть связано с их повышенным риском сердечных и легочных заболеваний;
-Дети чаще подвергаются опасности для здоровья от дыма. Дыхательные пути детей все еще развивают-

ся, и они вдыхают больше воздуха на килограмм массы тела, чем взрослые. Кроме того, дети часто проводят больше времени на свежем воздухе;
-Люди, которые очень активно занимаются работой или спортом на улице, также подвергаются более высокому риску неблагоприятных последствий для здоровья.
Рекомендации для жителей регионов, страдающих от задымления, вызванного лесными пожарами:
-Избегать прогулок в задымленном пространстве, поскольку это провоцирует развитие острых и хронических заболеваний сердечно-сосудистой и дыхательной систем.
Беременным женщинам и детям рекомендуется и вовсе не выходить на задымленную улицу.
Любям, имеющим проблемы со здоровьем — носить с собой необходимые лекарства; если на улице задымлено, лучше не выходить на улицу для занятий физической активностью. Оставайтесь в помещении с закрытыми окнами;
Держите воздух в помещении как можно более чистым. Держите окна и двери закрытыми. Включите кон-

диционер, держите фильтр чистым, чтобы предотвратить попадание наружного дыма внутрь;
Завешивайте окна, форточки увлажняющей тканью и периодически ее меняйте. Поставить в помещениях емкости с водой для увлажнения воздуха.
Используйте кондиционер в машине и держите окна закрытыми. Помните, что транспортные средства никогда не должны работать в замкнутом пространстве, таком как гараж;
Избегайте деятельности, которая увеличивает загрязнение воздуха в помещении. Горящие свечи, камины и газовые плиты могут увеличить загрязнение помещений. Пылесос поднимает частицы, уже находящиеся внутри вашего дома, что способствует загрязнению помещений.
Увеличить потребление жидкости до 2-3 литров в сутки для взрослых (щелочная минеральная вода, несладкие отвары шиповника, брусники, зеленый чай), детям младшего возраста следует давать обычную кипяченую воду, а грудничкам - увеличить частоту грудного кормления и установить режим допаивания.
Лицам, страдающим сердечно-сосудистыми заболеваниями, сахарным диабетом, хроническими заболеваниями легких и аллергическими патологиями рекомендуется:
- измерять артериальное давление не менее 2 раз в день;
- при устойчивой артериальной гипертензии - обратиться к врачу;
- иметь при себе лекарственные препараты, рекомендованные лечащим врачом.
При наличии хронического заболевания строго выполнять назначения, рекомендованные врачом.
Помните, что курение также загрязняет воздух еще больше.
При первых признаках недомогания, отравления углекислым газом следует незамедлительно обратиться за медицинской помощью.

ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ДОНОРА КРОВИ: СДАВАЙТЕ ПЛАЗМУ, ДЕЛИТЕСЬ ЖИЗНЬЮ



Всемирный день донора крови был установлен Всемирной организацией здравоохранения и ежегодно отмечается 14 июня. Первое празднование Всемирного дня донора состоялось в 2005 году.

Идея проведения Всемирного дня донора возникла с целью признания и благодарности донорам крови, а также повышения осведомленности о значимости безопасной крови и ее компонентов для спасения жизней.
Доноры крови играют важную роль в обществе, принося вклад в здоровье и благополучие тех, кто нуждается в переливании, что помогает спасти множество жизней и приносит надежду тем, кто сталкивается с трудностями и болезнью.
Ежегодно Всемирный день донора имеет особую тему, которая фокусируется на конкретных аспектах донорства крови. Главная тема в этом году - «Сдавайте кровь, сдавайте

плазму крови, делитесь жизнью и делайте это часто».
В этот день по всему миру отмечают и благодарят людей, которые сдают кровь. Подчеркивается огромное значение добровольного безвозмездного регулярного донорства крови и плазмы для обеспечения всех нуждающихся безопасными продуктами крови.
Стать донором крови - значит стать героем, вносящим вклад в здоровье и благополучие общества.
Ежегодно во Всемирный день донора все казахстанские центры крови организуют праздничные мероприятия, чествование, концерты для доноров крови. Доноры, достигшие 40 донаций, награждаются нагрудными знаками, благодарственными письмами Министерства здравоохранения, местных исполнительных органов. Активные доноры с меньшим числом донаций также поощряются грамотами от центров крови.

БЫСТРОЕ ВОССТАНОВЛЕНИЕ И ВЫСОКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ: КАРАТАЛЬСКИЕ ВРАЧИ ШИРОКО ИСПОЛЬЗУЮТ МАЛОИНВАЗИВНЫЕ МЕТОДЫ ХИРУРГИИ



В Каратальской центральной районной больнице врачи малоинвазивным методом удалили кисту из печени пациента.
Эхинококкоз является распространенным паразитарным заболеванием печени. Основным и наиболее эффективным способом лечения эхинококкоза печени является лапароскопическая эхинококкэктомия. Данный метод позволяет хирургам удалить кисту, не разрезая переднюю брюшную стенку. Операция проводится через маленькие проколы. Соответственно, это меньшая травматичность, минимальные болевые синдромы, короткий срок

стационарного пребывания и ранняя реабилитация оперированных пациентов.
«Пациент 1997 года рождения в плановом порядке был госпитализирован в отделение хирургии по предварительному диагнозу эхинококкоз печени в восьмом сегменте. Была проведена предоперационная подготовка, то есть полное обследование в рамках ОСМС. Состояние пациента удовлетворительное, реабилитационный период истекает хорошо, так как ему была сделана операция малоинвазивным путем - лапароскопическая эхинококкэктомия. Как известно всем, данный

метод операции позволяет пациенту быстро восстановиться и уже через 3-4 дня выписаться из больницы», - отмечает заведующий хирургическим отделением Каратальской ЦРБ Арман Абдильдинов.
«Я работаю за границей вахтовым методом. При очередном медосмотре у меня обнаружили подозрения на эхинококк печени, после чего я вернулся в свой родной город Уштобе и обратился в центральную районную больницу. Мне назначили ряд анализов и подтвердили диагноз. После консультации хирурга назначили операцию. Через 2 дня после госпитализации мне провели операцию и удалили кисту. Чувствую себя хорошо. Все анализы и операция провели мне абсолютно бесплатно, я просто оплачивал за ОСМС через мобильное приложение банка», - поделился пациент Шамиль Межидов.
Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жетісу облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығы Жетісу облысы Денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік қызметшілерімен және оның аудандық бөлімшелерімен кездесу өткізді.
Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті басшысының облыс бойынша бірінші орынбасары Тимур Темірәлиев Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды және қолда бар жекелеген нәтижелерді атап өтті.
«Біздің азаматтарымыздың әл-ауқатының тірегі ретінде медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына елеулі бюджет қаражаты бөлінеді және осы қаражаттың ұтымды игерілуіне бақылауды күшейту қажет», - деп атап өтті Департамент басшысының бірінші орынбасары.
Осыған байланысты қатысушылардың назарына а.ж. 3-тоқсанында денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы

талдау жүргізу жоспарланып отырғанын жеткізді.
Ішкі талдау жүргізу, оның ішінде бюджет қаражатының жұмсалып аудитіне баса назар аудару ұсынылды.
Бұдан басқа, спикер сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының негізгі үрдістері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы соңғы новеллалар туралы хабардар етті (2023 жылғы 3 қаңтарында Мемлекет басшысы бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға қатынас азаматтардың қауіпсіздігін жамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамаға енгізілген өзгерістерді).
Кездесу соңында Анतिकор өкілі негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен телефон хабарламаларына желдел ден қоюды қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтарды тегін консультациялық қолдау болып табылатын Агенттіктің 1424 Колл-орталығы жұмысының басымдығын атап өтті.

НҰРЛЫ ӨЛКЕ – НҰРСҰЛТАН



Әр мемлекеттің астанасы бар. Біздің астанамыз – Нұр-Сұлтан қаласы. Астанамыз бүкіл Қазақстан елінің жетістігі мен жемісі. Бұл жеңіс пен жетістік бізге оңай келген жоқ. Мемлекетіміздің символына айналған қаламыздың бүгінгі мен кешегісі үлкен тарих. Бір тұтаст Мемлекет болу үшін қаншама тер мен еңбек төгілді. Кешегі тарихына сүйенсек, «Астана» сөзі негізінен парсы сөзі, қазақша түсінігі астана – табалдырық, босаға, кіреберіс, сарайдың аяқпасы, салтанатты орда есігі деген ұғымдарды білдіреді. Міне, мағынасының өзі терең. Ал бүгінгі атауына жүгінсек, Нұр-Сұлтан. Мемлекетті қалаған тарихи тұлға-тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі берілген. Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын деген. Халқы қалап, жұрты қолдап, еңбегін елеп есімін беріп отыр.

Елге қылған жақсылық, Еленбей қалмайды. Еңбек еткен ерінбей — Кенелмей қалмайды, - қаншама ой жатыр, түсінген адамға. Тарихына үңіліп, тереңінен жазсақ, ой бітпес. Бүгінде аяғына нық тұрған мемлекетіміздің басқару құрылымы да жаман емес. Әр нәрсеге қанағат етіп, жақсы жағынан қарап, адал еңбек етсек нұр үстіне нұр болар. Бүгінгі Астана – асыл тастан тұрғызылған асқақ қала. Ерке Есілдің жағасында орналасқан, жаңа ғасыр ғажабынан жаралған ертегідей елорда, әлемдегі ең жас қала. Кең даладағы жай қала ғана емес, саяси өрік-жігер, үкілі үміт, көркеу, тәуелсіздік көрінісінің нышаны. Астана шаңырағы әлі де шарықтай түспек. Жаңа астананың келешегі толығымен XXI ғасырдың еншісінде. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас буындар.


Нұр-Сұлтан – Қазақстанның астанасы. Ал, Қазақстан – Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Тарихқа бай Сарыарқаның ұлан-байтақ жерінде, қазақ жерінің қасиетті орталығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі, жаңа бір мәдени-ғылыми, саяси ортаның шоғырлануы, Отанымыздың көркем, сәулетті, қуатты орданың дүниеге келуі – игіліктің нышаны деп білеміз. 1830 жылдың өзінде Есіл өзені бойындағы Қараөткел тұсында Астана қаласының ең алғашқы іргетасы қаланған болатын. 1832 жылы Ақмола ішкі округі ресми түрде жарияланды. Сосын Орынбор орталығымыз болды. Ал 1925 жылы Қазақстанның орталығы Орынбордан Ақмешітке көшірілді. 1929 жылдары Верный (Алматы) қаласына көшірілді. Содан соң Ақмола қаласы



Қай жерде болса да тұрғындардың бірінші салатыны сауда орны мен құлшылық орын, яғни Керуен сарай мен Мешіт. 1832 жылдары орыстар салған бекініс-қорғанның алдынан, қазіргі Иманов пен Республика көшелері қиылысқан жерден Қоңырқұлжа сұлтан көтерді дейтін ескі мешіттің де тарихы көне дәуірге барады. Оған қоса Астана қаласының ең бір көрнекті көшелерінің бірі Абай көшесі екені белгілі. Осы көшені бойлап қаланың ескі орталығына жақындасаңыз оң жағыңыздан биік қызыл кірпіштен қаланған бағандары бар шарбақ, биік қақпа кездеседі. Бұл заманында Жасыл мешіт немесе Тартар мешіт аталған құрылыстан қалған қалдық.

Нұр-Сұлтан қаламыз болашақтың, жастардың қаласы

Нұр-Сұлтан қаласы ең алдымен, жастар қаласы. Елорда тұрғындарының санын еліміздің барлық аймақтарынан білімге талпынып, жұмыс іздеп, арман қуып келген жігіттер мен қыздар еселеп өсіруде. Олардың бір-бірімен танысып, жүректері табысып, шаңырақ құрып жатқаны еліміз бен қоғамның іргетасын нығайтып жатқанының белгісі. Нұр-Сұлтанның бүгінгі ажарын жастардың кескін-келбет, бет-бейнесі, өмір салты, армандарымен салыстыру ләзім. Екеуіне де жастық жігер, албырттық, талпыныс, жаңаша ойлау еркіндігі, сұлулық пен сымбат тән. Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы, мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы болып табылатын жас қала, баршамыздың



Астана қаласынан бес шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Бозоқ қаласының гүлдену кезеңімен байланыстырылады. Бозоқ қаласы Қыпшақ хандығының астанасы болған. Осы аумақ арқылы XVI ғасырда Сібір – Орта Азия керуен жолы өткен. Тағы бір еңбегінде «Ортағасырлық Бозоқ қаласын Ақмоланың түпкі атасы деп санауға болады, ал, оның соңғы мұрагері қазіргі Қазақстанның астанасы – Астана қаласы» екені айтылады. Астана қаласының маңына орналасқан Бозоқ қаласының орны 1998 жылы анықталып, 1999 жылы Есіл археологиялық экспедициясының жетекшісі, танымал ғалым Кемал Ақышев бастаған археологтардың осы жерде алғаш рет қазба жұмыстарын жүргізгені белгілі. Түркі ұғымында «боз» сөзі «боз дала», «ақ селеулі құтты қоныс» деген мағынада түсіндіріледі. Бозоқ қаласы VIII-XVIII ғасырларда өмір сүрген, бірнеше кезеңдерден тұрады. Ал XIV ғасырдан бастап Бозоқ қаласы Нұра-Есіл аймағының исламданған элиталы рухани орталығы болған. Нұр-Сұлтанның байырғы қала екенінің бір дәлелі ескіден келе жатқан ғимараттар. Ең ескі құрылыстары қаланың өз ішінде, оның ең мықты ескерткіші қазіргі Сине-Темпоре, бұрынғы Керуен сарай.

арман қаламыз. Еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. әртүрлі тарихи тағдыр тауқыметімен елімізге табан тіреген өзге халықтардың да мекені. Қазақстанның астанасы Нұр-Сұлтан қаласы - біздің ортақ шаңырағымыз. Нұр-Сұлтан қаласы өзінің жаңа тарихында өзге ұлттарды ғана емес, бүкіл адамзатты бейбітшілік пен келісімге шақырып отыр және шақыра бермек. Еуразия жүрегінде орналасқан Нұр-Сұлтан қаласының жаңа тарихы – бұл тәуелсіздік тарихы, бұл мемлекеттілік тарихы, бұл ұлттық тарих. Ал Нұр-Сұлтан қаласының құрылысы - төл тарихымыздың жаңа беттерін құрайды. 22 пайыз жастар болып табылатын қаланың Үштен бір бөлігі бизнеспен айналысатынын да айта кету керек.

Бүгінде Нұр-Сұлтан – бұл Қазақстанның жаңа тарихы жинақталған орын. Астананың мысалы арқылы біздің бүкіл мемлекетіміздің дамуы туралы пікір туюға болады. Қазақстаным - жайлы мекенім, Сенде өстім білмей қайғы не екенім. Шалқар мейірің, дархан пейілің - Сеземін шексіз байлық екенім. Қазақстаным, жанашыр елім, Көзімнің мөлдір қарашығы едің. Жаңбыры - жауһар, ауасы - керім, Атамекенім дәл осы менің!

Ұлы Атамекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігі, мемлекет басшысы –Қасым-Жомарт Кемелұлында. Президент болып сайланғаннан бері, халыққа берері мен қолдауы көп. Мемлекет басшысының сындарлы саясатының арқасында астанамыз Нұр-Сұлтан қаласыда қарыштап даму үстінде. Құлағанды тұрғызып, жылағанның көз жасын сүрткен басшымыз, жастарды қолдаудағы еңбегі ерен. Әрбір жастар мемлекеттің құламай, алдыға қарай дамуына үлес қосу басты парыз. Астанамыз мәңгі жасап, қарыштай беру біздің қолда. Жаңа Қазақстанның іргесі асқақ, еңсесі биік болсын!

Д. ДАУРЕНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 7-І КЕРЕМЕТІ

Әлем сан мыңдаған түрлі керемет пен сиқырлы ғажайыпқа толы. Баға жетпес көздің жауын алатын тарихи жәдігерлерге қарап, табиғат ана мен адам баласының қолымен жасалған туындыларына таңдай қақпау мүмкін емес. Ғаламның жеті кереметі аңыздар бойынша өзінің басып алған аймақтарын әлемді шарлаушылардың назарын аударту мақсатында арнайы жеті орынды белгі еткен – ұлы қолбасшы Ескендір Зұлқарнай заманынан қалған болатын. Барша әлем мойындаған жеті керемет тізіміне Мысыр пирамидалары, Зевс мүсіні, Бабылдың аспалы бағы, Артемидға ғимараты, Галикарнастағы табытхана, Александрия шамшырағы және Гелиос мүсіні енгізілгенін жақсы білеміз. Мәселен, Эйфель мұнарасы десе, көз алдымызға Франция елестейді. Сурет пен мүсін өнерінің теңдесі жоқ жауһарларын тамашалаудан біреулер ләззат алса, енді біреулері өз елінің құнды байлықтарымен мақтанып, іштей қуаныш сезімі кернейтіні анық. Кең байтақ қазақ даласы да мұндай бақыттан кенде емес. Өйткені «жеті» санын біздің ата-бабаларымыз бұрынғы заманнан бері кие тұтып, қасиетті деп санаған. Оның дәлелі ретінде, ай фазаларының күнтізбесіндегі жеті күнде бір өзгеріп тұратындығын айтуға болады. Киелі сан десе, бірден ойымызға аспан әлеміндегі жеті шырақ есімізге түсетіні белгілі. Ежелгі Вавилон қаласында осы санмен сөйкес сатысы бар күмбез тұрғызылған. Ежелгі гректерде де «7» зор қасиеттен хабар берген. Тіпті олар табиғат құбылыстары, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына бүгінгі күнге дейін арқау етіп келеді.

Қазірде еліміздегі сәулет-құрылыс, тарих пен археология, монументалды өнер туындыларының саны 25 мыңнан асып жығылады. Иә, расыменде әр халықтың өзіндік «ғажайыпқа толы» мәдени қазынасы бар сияқты, қазақ халқының барша жұртты тамсандыратын «кереметтерден» де қалыс қалмаған. Осыған орай біз әлем тамсанатын ғажайыптары көп Қазақстанның жетілікке кіретін «кереметтері» жайындағы қызықты мағлұматтармен бөлісетін боламыз. Сонымен, олар қандай ғажайыптар болды екен?

Таңбалы тас суреттері

Адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени кезеңге жататын қола дәуірі заманындағы тасқа салынған түрлі суреттер кез келген көрген жанды үлкен ойға батырары анық. Біздің заманымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта өмір сүрген адамдар күнге күйдірілген жылтыр тау жартастарына адамдар мен жан-жануарларды, арбалар мен соғыс көріністерін қашап салып отырды әдетке айналдырған. Әсіресе, бұлар барша адам баласының рухани мәдениеті мен ішкі дүниетанымын бейнелейтін асақұнды мағлұматтар топтамасы болып есептеледі. Біздің ел әртүрлі жартастарға салынған петроглифтер мен суреттердің саны және әр алуандығымен мақтана алады. Тамғалы жартасындағы көздің жауын алатын суреттерді отандық ғана емес шетелдік археологтар жіті зерттеп, әлемдегі ең бай орындардың біріне балады. Соның арқасында олар төрткүл дүние мәдениетінің қазыналы қорына еніп отыр. Бұл суреттерден ежелгі адам баласының өмірі мен көне ру-тайпалардың ұстанған салт-дәстүрі мен діни наным-сенімдері, аңшылық пен соғыстағы шеберліктерін байқауға болады. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан Алматы облысындағы таңбалы суреттері бүкіл әлемдік құнды мәдени жәдігерлер қатарына еніп отырғанын еске сала кетейік.

Қазақстанның жеті кереметінің алқашқысы Алматы қаласынан 170 шақырым жерде нақтырақ айтсақ, қазіргі Алматы облысының Жамбыл облысына қарасты Қарабастау ауылына жақын Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығысында орын тепкен. Ал мұны 1957 жылы қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының экспедициясы «Қазақстанның археологиялық картасы» бағдарламасы асында

барлау жұмыстарын жүргізу сәтінде ашқан болатын. Ал келесі жылы археолог А.Г.Максимова таңбалы тас суреттері жайында ақпараттарды әрі сапалы көптеген фото материалдарды бірінші рет ғылыми айналымға енгізген еді. Содан бері тасқа қашалған петроглифтер өмірін зерттеушілікке арнаған археологтар, тарихшылар өнертанушылар, геологтар және суретшілердің назарына сан мәрте іліккен. Тіпті бұған қатысты әртүрлі жанрда деректі фильмдер түсіріліп, барлық әлемге танымал ескерткішке айналған.

Таңбалы тас суреттері көбінесе Таңбалы өзенінің кепкен арнасының ортасындағы сайдың аңғарында шоғырланған. Ал өзеннің қос жағындағы жота беткейлерінің жоғары жағы сурет салуға қолайлы.

Орталық Азия аймағындағы жартаста салынған әртүрлі суреттер секілді Таңбалыға түскен бейнелер де әр кезеңнің қолынан өнер тамған шеберлері салғандығын сол маңда өмір сүрген адамдардың жерлеу орындары дәлелдейді.

Суреттердің салыну сипатына жіті назар аударып қарасақ, олардың ең көңелері қола дәуірінде пайда болған секілді. Бұған қатысты кейбір зерттеуші мамандар әсіресе петроглифтердің ең көңелері біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың ортасында пайда болған деген пікірді айтса, кейбіреулері ерте темір дәуірінің басы дегенге келтіреді.

Мұндағы суреттер жартастың ең биік нүктелерінде бейнеленген. Олай салынуының да ерекше сыры бар. Яғни суреттер көзге бірден көріну мақсатында әрі таң атқаннан қас қарайғанша күннің сәулесі түсіп тұру үшін осындай төртіппен барынша ең жоғарғы жақтарына салып отырған. Әрі ғұрыптық салт-дәстүр жоралғыларын ұйымдастыру кезінде жиналған қауымға көрініп тұруы және таудың аса қасиетті деп саналатындығы да ескерілген.

Жалпы айтқанда, Таңбалы сайындағы қола дәуірінің петроглифтері көпшіліктің көзіне бірден көрінетін көрнекті орындарда орналасқандықтан бәрін біріктіре қарағанда құндылықтарды сақтаушылардың мадақтау маңызы бар көркемделген мәтін екендігін айта кеткен жөн. Осындай көркем мәтінді жасау барысында сол аймақтың ландшафт ерекшеліктері мен салт-жоралғылары ерекше рөл ойнаған. Мұндай тарихи тереңде жатқан орынды еліміздің жеті кереметіне кіргізуге болады деген ойдамыз.

Алтын адам

Осыдан шамамен алпыс жыл бұрын археолог бір топ ғалым Алматы маңындағы обадан «Алтын киімді» адамды тапқан болатын. Ол бұдан екі жарым мың жылдай бұрын жерленген жас жігіт екені белгілі болды. Жерлеу орнына жүргізілген зерттеу жұмыстарынан марқұмға кігізілген бас киімінің, етігінің қонышының сыртына алтыннан жасалған әртүрлі ұсақ барыстың, аттың, таутекенің және аң-құстардың бейнелері жапсырылғаны анықтаған. Олардың саны шамамен төрт мыңға жетіп қалады. Ескі қорғанынан табылған бұл олжа бүгінде төрткүл дүниеге танымал. Тағы бір айта кетерлігі алтын адам бейнесін Алматыдағы Тәуелсіздік монументіне негіз етіп алды. Бүгінгі күнге дейін сақталып келген әрі өзінің құндылығын жоймаған Алтын адам да қазақтың жеті кереметінің тізімінен орын тауып отыр.

Қазақтың киіз үйі

«Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш», «Киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз» демекші, киіз үй бұрындары тек қазақ жұртының ғана емес, барша түркі тілдес және оған көршілес орналасқан елдердің де тұрақты баспанасы болған. Өйткені Киіз үй ертеде Еуразияның ұшы-қиырсыз жазирасында билік еткен әрі көшпенді халықтардың көптеген жылдар бойы көшіп-қоныуына ыңғайлы болуымен ерекшеленген. Сақ, ғұн, үйсін дәуірінен бері қазақ жұрты да киіз үйді өзіндік өмір салтына барынша қолайлы тұрғынжайы ретінде пайдаланып келген. Сан мыңдаған уақыт бойы жинақталған тәжірибе негізінде киіз үйдің құрылысы бірнеше маңызды бөліктерді қалдырды

Бірнеше қызметтерді атқарған киіз үй шаңырақ, уық, табалдырық, кереге,

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 7-І КЕРЕМЕТІ

Басы 4-бетте

сықырлауық, табалдырық, таяныш, маңдайша секілді құрылымнан тұрады. Осылардың ішінде керегенің өзінің төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз, он, он екі қанатты және керегенің қасы, басы, көзі, аяғы секілді көптеген атаулары толып жатыр. Сол секілді шаңырақ мен уықтың да әр бөліктерінің бірнеше атаулары барын айта кетейік.

Бұларды көбінесе киіз үйдің сүйегі деп атап кеткен.

Кезінде адамдардың қысы-жазы тұрақты баспанасына айналған киіз үйді сыртқы көрінісі мен келбеті және көлеміне қарай ақ үй, қоңыр үй, боз үй сынды аттармен атаған. Олардың солай аталуында да сыр бар. Өйткені оның сыртынан жабатын киізге тікелей байланысты болған. Ал мұндай жапқышқа халық «туырлық» деп атау беріпті. Туырлықты халық киіз үйдің сүйегіне лайықтан құрастырып жасаған. Киіз үйдің туырлығын тек ақ қойдың жүнінен басылған киізден дайындаса, оны «ақ үй», қоңыр жүннен басылған киізден дайындаса, «қоңыр үй» деп атап отырған.

Осындай түрлі атауларға ие болған киіз үй қазақ халқының кезінде өміріндегі ұстанар салты мен дәстүрінің белгісі әрі таңбасы болып есептелген. Бұл үй ең алдымен оның иесінің әлауқатын, байлығын, тұрмес жайын білдіріп отырған. Мәселен, ауқатты адамдардың киіз үйлері үлкен әрі өте қымбат жиһазды ою-өрнектермен безендіріліпті. Ал оларды «ақ орда», «алтын үзік», «алтын орда» деп атаған. Оған қоса киіз үйлер мәдени-тұрмыстық және шаруашылық сынды түрлі жағдайына байланысты жаздығүні пана етуге арналған, мереке-думандарда мейман күтіп алатын, жорықтар уақытында тігілетін болып бірнеше түрге бөлінген. Ал жолаушылар мен жорықшылардың тігетін үйлерін ақ қос, қос, қаңқа (арбаның үстіне тігілетін киіз үй), жарық үй деп атап отырған. Оған қоса құрым киізден, қамыстан, шиден киіз үй тектес үйшіктер мен күркелер де салынған. Бұлар көбінесе жаугершілік, соғыс, майдан шебінде далада жауын-шашыннан қорғану үшін тігіліпті.

Бір айта көтерілігі, киіз үй аз уақытта тігуге әрі жинауға ыңғайлы болған. Тіпті жоғарыда айтқанымыздай, көшіп-қонуға қолайлы болғандықтан, бұл баспананы малшылар қазір де көп пайдаланады. Алайда киіз үй тегіс әрі құрғақ жерлерге ғана тігілетінін еске сала кетейік.

Домбыра

Ендігі кезек қазақ жұртының ежелден келе жатқан ұлттық аспабы, жан сезімін білдіруші әрі жан серігі домбыра жайында болмақ. Атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан сан қырлы тарихы бар қасиетті домбыраның күмбіріленген күйі мен әуелен әні кез келген жанның жүрегін баулап алатыны сөзсіз.

Жеті кереметтің бірі саналатын домбыра қазақтың көне әрі кең тараған нағыз тәрбиелік мәні зор ұлттық музыкалық аспабы болып есептеледі. Домбыра жұртымыздың өмір тәжірибесі мен табиғат, адам, өлем жайындағы білім көкіеигін және діни наным-сенімдері мен философиялық ой-тұжырымдарын әспеттеп, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырды. Аспап үні қоңыр әрі құлаққа жағымды болып естілетін домбыра көшпенді жұрттың көнекез шежіресі және көпті көрген ақсақалдың көкірек күйі. Жұрттың басынан өткен тарихи өмірінен тамырлас болып келеді. Отандық ғалымдар кемінде екі мың жыл бұрынғы бейнелердегі екі шекті ұлттық аспаптың қазақтың домбырасымен ұқсастығын талқан болатын. Және оның еліміздің аймағындағы байырғы көшпенділер арасында ең көп тараған аспаптың бірі екенін дәлелдеп берген.

Бұл аспап дәстүрінің дамуы әсіресе он тоғызшы ғасырда шарықтау шыңына жеткен. Және өзіміздің мәдениетіміздің дәстүрінде бірқатар кәсіби күйші-композиторлар қалыптасып, мұндай өнер бүгінде жалғасын тауып жатыр. Күйшілік пен композиторлық өнерді серік еткендер өзгеге ұқсамас өзіндік стильді ерекшелігімен, музыкалық тілі, орындау нақышы және шеберлігімен өнер саламызда жарқын із қалдырды. Ең бастысы бұл аспап әр заманда өнер мен мәдениет саласында дарынды өнерпаздардың дүниеге келуіне мүмкіндік туғызды. Сондықтан домбыраны да қазақстандық жеті кереметтің тізімінен кездестіруге болады.

Ахмет Иассауи кесенесі

Еліміздің жеті кереметінің біріне бұрыннан атағы дүйім елге жер жарған әрі киелі Түркістан қаласынан орын тепкен және орта ғасыр заманынан қалған түсі көгілдір күмбезді үлкен ғимарат



Ахмет Иассауи кесенесі жатады. Түркістан өңірі Орта Азия мен Қазақстан жұртының өмірінде елеулі орын алған Шығыстың көне қалаларының бірі саналады. Ахмет Иассауи Оңтүстік Қазақстанның қазіргі Сайрам бұрынғы Исфиджаб қаласында 1103 жылы дүниеге келген. XII ғасырдың ойшылы алғаш білімді жергілікті дінбасы Арыстан бабтан алған. Мұны тіпті өзінің еңбектерінде де жазып кеткен болатын. Ана тілінен бөлек арабша және парсыша жетік сөйлей білген. Оған қоса Ахмет Иассауи қоңыр, қаңлы, қыпшақ және көне түркі тайпалары арасында Ислам дінін уағыздаушы рухани басшы ретінде санаған. Және халық оны «Әулие ата» деп атап кеткен.

Көзі тірісінде өз өмірінде ақ өлеңмен жазып қалдырған көп хикметтері арқылы жұртшылыққа пәлсапашыл ақын ретінде танымал болыпты. Оның қолымызға жеткен екі жүзден асатын хикметтерін бүгінгі ұрпақ санасына сіңіріп, өнегелік тәлім мен тәрбиесін меңгеруде. Ғұламаның пайғамбар жасына келген соң, ғұмырының соңғы он екі жылын жер астында жатып, күн шуағын көрмей өткізгені бәрімізге белгілі. Кезінде бүкіл Шығысқа өмірін жүргізген тарих беттерінде танымал қолбасшы ретінде қалған Ақсақ Темір барша жұрт пір тұтатын әрі күніне жүз мәрте тағзым етіп, мінәжат қылатын Қожа Ахмет Иассауиге зәулім ескерткіш орнатуды қолға алған болатын. Ал оның құрылысымен айналысуды Ақсақ Темірдің қарамағында жақсы істерімен көзге түскен Мәулен Ұбайдулла Садырға тапсырады. Нәтижесінде кесене гармониялық бірізділік әрі үйлесіммен тұрғызылады. Оның ішкі орталық залында айналасына түрлі мақсатқа сай пайдаланылған көлемі үлкенді-кішілі отыз беске жуық бөлме орналасқанын айта кетейік. Солардың бірінде сопы ақынның мүрдесі қойылған. Ал орталық бөлмеде қолымен жазылған қасиетті Құран кітабының көшірмесі, діни кітаптар және шежірелерді кездестіруге болады.

Орталық Азиядағы ең үлкен күмбез саналатын оның диаметрі шамамен он сегіз метрді құрайды. Сегіз блокқа бөлінген кесененің ішіндегі бөлмелер өзара шиеленіскен жолдармен, дәліздермен, және екі қабатты сатымен байланысқан. Оның ішіне жарық ағаш шарбақтармен бітелген терезелер арқылы кіретінін айта кетейік. Ал жаңғырық жұрттың аяқ дыбысын алысқа алып кетеді. Мұндағы жартылай қараңғылық пен салқындық және тыныштық мінәжат етушілердің жүректерінде терең сенім мен пен үйлесімділік тудыратынын байқауға болады.

Қазіргі кезде қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесі – халықтың көздің жауын алатын керемет сәулет туындыларының бірі. Мұны жылына жүз елу мыңнан астам адам келіп тамашалайды. Мұнда келушілерді сұлталық пен ұлылықтың тылсым сырын білуге деген құштарлық сезімдерге жетелеп отырады.

Бұл ғимараттың ішіндегі ең бағалы ескерткіштердің бірі – тайқазан. Мұны жасаған Әбділәзиз шебер Қаратау ініштен, Мырғалымсай мен Ащысай кеніштерінен тайқазанға керекті қорытпа шығатын тастарды теріп, Қарнақ өңіріне жеткізіп, қазанды жасауға білесі сыбана кіріседі. Содан тайқазан дайын болғанда, оны арбаға тиеп, әкеліп, Қожа Ахмет Иассауи кесенесі күмбезінің астындағы кіреберіс үлкен бөлмесінің ортасына орналастырған. Сөйтіп, ол орын «Қазандық» атауын алыпты.

Қоладан жасалған Тайқазанның сыйымдылығы алпыс шелек болса,

диаметрі 2,2 метр, салмағы 2 тоннаны құрайды. Аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бұл тайқазан Қарнақ аймағында жеті сирек кездесетін металдың қорытпасынан дайындалған. Бұл барша түркі тайпаларының ынтымағы мен қонақжайлылығының белгісін білдіреді. Тіпті сенім бойынша одан бір жұтым су ішкен құлшылық етуші жан түрлі жамандықтан тазарады екен.

Бір айта көтерілігі бұл тайқазанды 1934 жылы Ленинградқа алып кетіп, біраз жыл Эрмитаждың ішіндегі залдардың біріне экспонат ретінде орналастырған. Тек араға 54 жыл салып, еліміздегі үкімет басындағылардың талап етуімен Тайқазан өзінің ертедегі мекеніне қайтып жеткізілген болатын.

Қазақ жұртының бұл қара шаңырағы әрдайым қазаны асулы болсын деген ырымға сай келеді. Сол себепті киелі Қожа Ахмет Иассауи кесенесін әрі оның ішіндегі тайқазанды кереметтердің санына кіргізген болатын.

Маңғыстау жерасты мешіті

Киелі Маңғыстау өңірі ғажайыптар мен құпияға толы. Өйткені бұл аймақ пен Үстірттің маңы әсіресе Батыс өңірінің керемет халық сәулет мұрасының ошағы болып есептеледі. Және аймақ көшпенділерінің мемориалды-ғибадаттық құрылыстарының қайталанбас туындылары дәл осы орында шоғырланған. Осы өңірдегі көпшілікке белгілі Шақпақ ата жерасты мешіті мен қорымы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының аясында еліміздің киелі орындарының жобасына енгізіліп, жалпыұлттық маңызы бар әрі аймағымыздың асыл қазынасы айналған.

Шақпақ ата жерасты мешіті Тұңқараған ауданына қарасты Таушық елдімекенінен қырық шақырымдай жердегі Сарытас-Қошақ шығанағына таяу Оңғазы тауының баурайында орналасқан. Айналасында шақпақ таскремені тау жынысы көптеп кездеседі. Ал Шақпақ-ата сайында тастан түрлі құрал-жабдықтар жасап, соны тұрмыста пайдаланған алғашқы адамдардың тұрақтары сақталғанын айта кетейік. Бұл мешіт бас-аяғы төрт бөлмеден тұрады. Ал Құнансу атты жазығының тік шығыс аймағында әктасты шөгінділер қабатынан ойылған. Сол жердің жергілікті халқы бұл жазықты Шақпақ-ата сайы деп атайды.

Ал тарихи жазба деректеріне сүйенсек, Шопан-атадан Шағырық пен Исан атты екі бала, Шағырақ атадан екі ұл Шах-мардан мен Қапам ата тараған деп айтылады. Соған қарағанда Шақпақ атамыз аты аңызға айналған Шопан атаның немересі болып келеді. Ел аузындағы аңыздарға сүйенсек, Шақпақ ата мұсылманшылықты жетік үйренген әрі өзінің жерасты мешітінде шәкірттер тәрбиелеп, бала оқытқан әулие кісі болыпты. Оның есімі Шақпақ ата аталынуының құпиясы бар. Бұл кісі тырнақтарын бір-біріне жанастырығанда арасынан от лаулап шығатын болған. Ал еңбі бір аңыз бойынша Шақпақ ата сиқырлы күш иесі ретінде бейнеленгенін айта кетейік. Ертеректе Шақпақ ата өзін аңдыған жаулардан бассауғалап қашқан, әйтсе де намаз уақыты тақанда бір үлкен тасты таңдап алып, соның үстіне намазын оқи бастағанын біреу білсе, біреу білмес.

Ел аузындағы аңыз әңгімелер бойынша мұнда сопылық жолындағы 360-қа жуық әулие-даналар өмір сүріп, олардың мүрдeleri Маңғыстау түбегіндегі шөлді кеңістіктерге жерленген болатын. Сонымен қоса бұл жерлерде көптеген мешіттер мен жерасты қорымдары сақталған.

Маңғыстау ғибадатханаларының ішіндегі ең әдемісі – Шақпақ Ата тас беткейдей оюланған және латын айқышының пішініне ие. Некроликке кіру портал арқа түрінде жасалынған. Оның жанында қатыс болған әулиелерді жерлеу үшін бірнеше кең таушалары орналастырылған.

Жерасты құрылыстарының қабырғалары осы дүниенің өлімі мен қысқа өмір туралы сопылық жазулармен қапталған. Бұл жерасты мешіті маңғыстаудың шөлейт аймағында орналасқан. Мұндағы климат өте қатал болып келеді. Ауа-райы тым ыстық әрі бұл жерлерде құмды дауылдар барын айта кетейік. Сонымен қатар мұнда сыртқы ілемнен оқшауланып оықлған дұға кезінде мінәжат еткен жанның тазаруына жағымды әсер етеді деп есептелген.

Маңғыстаудағы жерасты мешіттер Англиядағы Стоунхендж, Мексикадағы баспалдақтар, Қытайдағы жасанды сазды төбелер секілді геофизикалық аномальды аймақтарда орналасқан. Дыбыстық акустика дегеніміз – уағыздар барлық бөлмелерде, қанша адам болса да бірдей естіледі. Ежелгі наным бойынша үшбұрыш – мәңгіліктің белгісі болып табылады.

Бәйтерек

Бас қаламызда бой көтерген «Бәйтерек» монументі елорданың негізгі көрікті орны ғана емес, тәуелсіз еліміздің символына айналып отыр. Тұңғыш президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың идеясымен қолға алынған нысанның сызба-жобасын әлемдік сәулет өнерінің хас шеберлері дайындап, көрші Ресей мен жапон елінің тәжірибелі сәулетшілері және «Ақорда» отандық құрылыс компаниясы орнатқан болатын. Халқымыздың мәдениетінен сыр шертетін ұлттық ерекшеліктеріне сай етіп тұрғызылған көздің жауын алатын биік нысанға бүгінде Нұрсұлтан қаласына келген кез-келген жан ат басын тірейді. Қазіргі тілмен айтсақ, еліміздің бойтұмары саналатын «Бәйтерек» Нұр-Сұлтанға «визит картасына» айналып отыр.

Бұл монумент ерте замандағы көшпенді халықтың ішкі дүниетанымынан хабар беретін терең философиялық мән-мағынаға ие болып келеді. Оның өмір ағашының нәр алатын жерасты бөлігі төрт жарым метр тереңдікте жатыр. Бұл жерден көптеген дәмхана, аквариум және тағы басқаларын кездестіруге болады. Оған қоса, мұнда қонаққа келген меймандар үшін шаһардың мәдени-әкімшілік орталығының макетін тамашалауға болады. Ал экскурсоводтар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жан-жақтан келген саяхатшыларға қызықты экскурсиялар өткізіп, оларды қызықтырған сауалдарға жауап береді.

Төрткүл дүниенің жан-жағынан біздің елге ағылған саяхатшылар панорамалық лифтімен әйнек «шарға», яғни монументтің ең биік шыңы 97 метр биіктігіне көтеріліп, «құстар ұшатын» биіктіктен тәуелсіз еліміздегі жаңа қаласындағы үлкен өзгерістерді көруге мүмкіндік алады. Сөйтіп, көкжиектен алысқа көз тастап, Қазақстанның астанасые алақандағыдай тамашалай алады. Монументтің жоғарғы жағында дәл ортасында «Аялы алақан» композициясы орналасқан. Оның өзіндік құдіретін барын біреу білсе, біреу біле бермес. Яғни бұған қолы тигенде, оған бірден жарық түсіп, сәуле алақанға құйылады да, елдің әнұраны ойнай бастайды. Оның ұшар басында алтын шар орын тепкен. Ерекше шынылармен әспеттелген монумент күмбезінің салмағы жетпіс, ал шардың ауданы 1553 метрлі құрайды. Аспанмен астасып жатқан шардың

панорамалық залынан елорданың кешегі мен бүгінгі көрінісін байқауға болады. Ал меймандарға барлық жағдай жасалып қойған. Өйткені биік ғимаратта қонақтардың шаршағанда демалуға әрі асықпай айналасын көруге қолайлы мүмкіндіктер жасалып қойған. Есілдің сол жағалауында көкке бой созып жатқан монумент – бүгінгі еліміздің символы, әрі қазақ жұртының қайта өрлеуі мен түлеуінің, биіктік пен кеңдіктің әрі дархандықтың көрінісі іспеттес екенін айта кетейік.

Бас қаламыздың аумағында салынған «Бәйтерек» монументі өзінің сәулет өнерінде ежелгі көшпенділердің космогониялық бейнелерін әспеттейді. Сонымен қоса бұл монумент өмір ағашы бейнелейтін сырттан тамашалаған кез келген жан байқағаны анық. Бұл биік сәулет өнерінің ең жоғарғы жағында алтын жұмыртқаны білдіретін шар орналасқан. Бәйтерек монументі – тарихи тамырларын сақтаған, берік негізі бар және болашақ өркендеуге бағытталған тәуелсіз мемлекетіміздің нышаны болып есептеледі.

«Астана-Бәйтерек» кешені Қазақстан Президиенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ер-Төстік батыр туралы ертегісінің эскиздік жобасында моделденді. Бәйтеректің биіктігі 97 метр – бұл 1997 жылы Астана Қазақстанның астанасы болған жылмен байланысты болып келеді. Темір бетоннан, металдан және әйнектен жасалған композиция алтын шармен аяқталады. Онда панорамалық зал орналасқан. Бұл келушілер жаңа астананы құстардың көзімен көре алады делінген. «Астана-Бәйтерек» кешені небәрі алты айдың ішінде салынған болатын.

Елорданың бойтұмары саналатын монумент 2002 жылы ашылып, еліміздің тарихының белгісі, халық өміріндегі жаңа кезең болды. Мұнараның құрылымы ғаламның үш негізін – жерасты, жердегі және аспан әлемдерін білдіреді. Төрт жарым метр тереңдікте төменгі деңгейі бар. Мұнда кафелер, аквариумдер және «Бәйтерек» шағын галереясы орналасқан. Монумент қазақ халқының ғалам туралы образды ұсынады.

Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бойынша, «Бәйтерек» - қасиетті Самұрық құсы ұмтылатын өмір ағашы болып есептелген. Ол өзінің өмірі мен үмітін беретін алтын жұмыртқасын - қою үшін оның биік төңірге баспана алады. Бұл кезде аш айдаһар жұмыртқаны жегісі келіп, бұтақтың түбінде жатып қалды. Бұл қарқылы көпшілікке жақсылық пен жамандықтың арасындағы мәңгілік күрес деген мағынаны білдіреді.

Бас қаламыздың аумағында салынған «Бәйтерек» монументі өзінің сәулет өнерінде ежелгі көшпенділердің космогониялық бейнелерін әспеттейді. Сонымен қоса, бұл монумент өмір ағашын бейнелейтін сырттан тамашалаған кез келген байқайды. Бұл биік сәулет өнерінің ең жоғарғы жағында алтын жұмыртқаны білдіретін шар орналасқан. Бәйтерек монументі - тарихи тамырларын сақтаған, берік негізі бар және болашақ өркендеуге бағытталған тәуелсіз мемлекетіміздің нышаны болып есептеледі.

«Астана-Бәйтерек» кешені Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ер-Төстік батыр туралы ертегісінің эскиздік жобасында модельденді. Бәйтеректің биіктігі 97 метр - 1997 жылы Астана Қазақстанның астанасы болды. Темірбетоннан, металдан және әйнектен жасалған композиция алтын шармен аяқталады, онда панорамалық зал орналасқан, келушілер жаңа астананы құстардың көзімен көре алады. «Астана-Бәйтерек» кешені небәрі алты айдың ішінде салынды.

Елорданың бойтұмары саналатын монумент 2002 жылы ашылып, еліміздің тарихының белгісі, халық өміріндегі жаңа кезең болды. Мұнараның құрылымы ғаламның үш негізін – жерасты, жердегі және аспан әлемдерін білдіреді. Төрт жарым метр тереңдікте төменгі деңгейі бар. Мұнда кафелер, аквариумдер және «Бәйтерек» шағын галереясы орналасқан. Монумент қазақ халқының ғалам туралы образды ұсынады.

Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бойынша, «Бәйтерек» - қасиетті Самұрық құсы ұмтылатын өмір ағашы болып есептелген. Ол өзінің өмірі мен үмітін беретін алтын жұмыртқасын - қою үшін оның биік төңірге баспана алады. Бұл кезде аш айдаһар жұмыртқаны жегісі келіп, бұтақтың түбінде жатып қалды. Бұл қарқылы көпшілікке жақсылық пен жамандықтың арасындағы мәңгілік күрес деген мағынаны білдіреді.

Сабина КӘКІМЖАН

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 171 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 4 728 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 4,2 % құрайды.

171 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-144, Текелі қаласы-7, Алакөл – 2, Ескелді – 4, Көксу – 3, Қаратал – 5, Панфилов - 6. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады; елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту

ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК



Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары.
Өрт - тілсіз жау. Бұл апаттан алдын ала

сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Мерейхан СЕРІКЖАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Қаратал және Ақсу
аудандары бойынша
ҚСЖАЕА саласындағы
заңдылықты
бақылау жөніндегі
аға прокуроры**

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Қазақстан аумағында жыл сайын астық алқаптарында, астық қоймаларында, жем-шөп қоймаларында көптеген өрт болады, жүздеген гектар ауыл шаруашылығы дақылдары, жүздеген тонна жемшөп пен астық, ондаған бірлік астық жинау техникасы жойылады. Көп жағдайда өрттердің себебі астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптарын сақтамау болып табылады. Біздің алтын өрістерді сақтау үшін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен азаматтар Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын сақтауы және орындауы қажет.

Астық жинау және ірі жем-шөп дайындау кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері келесі іс-шараларды қамтиды. Егін жинау басталғанға дейін оған тартылған барлық адамдар өртке қарсы нұсқамадан өтуі тиіс, ал жинау агрегаттары, автомобильдер алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (барлық типтегі комбайндар мен тракторлар - екі өрт сөндіргішпен, екі найзалы күрекпен және екі сыпырғышпен) жарақтандырылуы, жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы және қоректендірудің, от алдырудың және майлаудың реттелген жүйелері болуы тиіс; астық пісер алдында олардың орман және шымтезек алқаптарына, дала жолағына, автомобиль және темір жолдарға жанасатын жерлері Дөңді дақылдарды жинау астық алқаптарын ауданы 50 гектардан

аспайтын учаскелерге бөлуден басталуы тиіс. Учаскелер арасында ені 8 метрден кем емес шалғы жасау қажет. Шабылған нанды шалғылардан дереу жинау керек. Шалғылардың ортасында ені кемінде 4 метр жырту жасалады. Уақытша дала орнақтарын астық алқаптарынан, тоқтардан және т.б. 100 метрден жақын емес орналастыру қажет. Ауданы 25 гектардан астам жиналатын астық алқаптарына жақын жерде өрт болған жағдайда трактор мен соқалар дайын болуы қажет. Сабандар мен қалдықтарды жағуға, егістіктерде от жағуға тыйым салынады; астық ағынын ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден, ал астық алқаптарынан 100 метрден жақын орналастыру қажет.

Тыйым салынады:

- Тракторлардың, өздігінен жүретін шассилер мен капотсыз немесе ашық капоттары бар автомобильдердің жұмысы;
- Қозғалтқыштардың радиаторларында шаңды жағу үшін дәнекерлеу шамдарын қолдану;
- Далалық жағдайда түнгі уақытта автомашиналарға жанармай құю;
- Қозғалтқыштардың радиаторлары, битерлердің, сабан алмастырғыштардың, транспортерлер мен іріктеушілердің біліктері, жинау машиналарының шнектері мен басқа да тораптары мен бөлшектері шаңнан, сабаннан және астықтан уақтылы тазартылуы тиіс;
- Ірі жем-шөп қорын ферма ғимараттарынан тұйық жанбайтын қабырғалармен (қалқалармен) және отқа төзімділік шегі кемінде 0,75 сағат

жабындармен бөлінген жапсар жайларда (құрылыстарда) ғана сақтауға рұқсат етіледі;
- Маялар (маялар), бастырмалар, ірі жем - шөп қатарлары электр беру желілерінен кемінде 15 метр, жолдардан кемінде 20 метр, ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықта орналасуы тиіс;

- Маяларды (маяларды), сондай-ақ маялардың немесе қатарлардың жұптарын орналастыруға арналған алаңдарды периметрі бойынша ені кемінде 4 метр жолақпен жырту қажет. Жолақтың шетінен алаңда орналасқан маяға (маяға) дейінгі қашықтық кемінде 15 метр, ал жеке тұрған маядан (маядан) кемінде 5 метр болуы тиіс;
- Бір маяның (маяның) негізінің ауданы 150 шаршы метрден, ал престелген пішен (сабан) қатарының ауданы 500 шаршы метрден аспауы тиіс;

- Жеке қатарлар, бастырмалар мен маялар (маялар) арасындағы өртке қарсы беліктер кемінде 20 метр болуы тиіс. Қатарларды, бастырмаларды және маяларды (маяларды) жұпмен орналастыру кезінде қатарлар мен бастырмалар арасындағы қашықтық кемінде 6 метр, ал олардың жұптары арасында кемінде 30 метр болуы тиіс;

- Орамдар арасындағы өртке қарсы жыралар (орамда 20 шөмішті немесе қатарды орналастыруға рұқсат етіледі) 100 метрден кем болмауы тиіс;

- Ылғалдылығы жоғары маяларда (маяларда) немесе шөп штабельдерінде температураны бақылауды ұйымдастыру қажет;

- Ірі жемшөпті маялауда жұмыс істейтін тракторлар мен автомобильдер ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс;

- Трактор-тартқыштар түсіру жұмыстары кезінде маяларға 5 метрден кем қашықтыққа жақындамауы тиіс. Астық жинау және жем-шөп дайындау кезеңінде Жетісу облысы ТЖД жоғарыда көрсетілген іс-шаралардың орындалуы мен сақталуына тексеру жүргізеді. Өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің талаптары орындалмаған жағдайда ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары, жауапты тұлғалар мен азаматтар өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Қ. ӘШІМОВ,

Ескелді ауданының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

СУҒА ТҮСУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Жаз – біздің балаларымыз үшін көңілді және уайымсыз уақыт. Көптеген отбасылар жаздың ыстық күндерін табиғатта, көл, өзен, меніз жағаларында демалуы ұнатады. Үлкендермен балалар шомылып, күннің нұрына рахаттанып, таза ауамен демалады. Бірақ су қауіпті болуы мүмкін! Біріншіден балалар кейде қауіп-қатерді байқамайды содан сіздің жауапты болу және қауіпсіздік техникасын сақтау міндеттілігіңізді есте сақтау қажет! Сондықтан демалыс орнына барудың алдында келесі ұсыныстарды зерделеу керек;

Балаларды суға түсуге рұқсат етілген

және құтқару құралдарымен жабдықталған орындарға ғана жүргізіңіз. Сіздің бақылауыңызсыз балаңызға шомылуға рұқсат бермеңіз! Әсіресе матрацта немесе үрлемелі ортада. Балаларды тек жүзу кеудешесін де немесе жеңінде жіберіңіз. Балаларға су астында тығылатын немесе оларды жығатын ойындарды ойнауға жол бермеңіз. Баланың тонуын болдырмау үшін баланың суда болу уақытын бақылаңыз. Демалыс уақытында да жауапкершілікті ұмытпаңыз! Балалармен әңгіме өткізіп, қауіпсіздік техникасын сақтау керектігін түсіндіру қажет. Ешқашан көз қарасынан жоғалтпаңыз балапандарыңызды! Мектепке дейінгі және кіші мектепжасындағы бала

әрқашан үлкендердің қарауымен шомылуы тиіс. Жасөспірімдік жастағы балалар, егер өздері су қоймасына баратын болса, онда терең шұңқырлар, қатты ағыстар, су айналымы немесе үлкен толқындар болмаған жағдайда, бұл үшін арнайы бөлінген жерлерде ғана жүзуі тиіс.

Ескелді ауданының ТЖБ және 13-ӨСБ жеке құрамымен Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылында суға шомылу кезеңіндегі қайғылы жайлардың алдын алу мақсатында Ескелді ауданының волонтерлерімен және жергілікті атқарушы орган қызметкерлерімен бірлесіп Ескелді ауданының аумағында орналасқан Қаратал және Қусақ өзендерінің адамдар суға түсуге жарамайтын жағалауларда рейд жүргізілуде.

Қ. ӘШІМОВ,

Ескелді ауданының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

Астық алқабы - өрт шығу қауіпі жоғары аумақтың бірі. Дөңді дақылдар, өсімдіктер, шөптер – бәрі де құрғақ ыстықта өрт шығу қауіпін үдетеді. Астық алқабы өртенсе, өрт қысқа уақыт ішінде үлкейіп, жайылып кетеді. Әсіресе желді күні өрт бүкіл астық алқаптарына тез арада таралады. Сондықтан астық алқабын өрттен сақтау үшін төмендегі аталған шараларды қолдану керек:

-астық жинау кезеңі басталмас бұрын, оған жұмылдырылған барлық тұлғаларға өртке қарсы нұсқаулықтан өту қажет;
-өрт кезінде өрт сөндіру бөлімшелерін шақыру тәртібін белгілеу;
-астық жинау алқабында күні-түні кезекшілік қою;
-масақты егін пісер алдында олардың орман алқаптарына, дала жолағына, автомобиль жолдарға іргелес жерлерінде ені кемінде 4 метр жолақ шабылып және жыртылуы қажет;
-астық алқаптарының алаңы кемінде 50 гектар учаскелерге бөлуі қажет.

Өрт сөндіру шаралары жан-жақты алдын ала дайындалуы тиіс. Өрт кезінде техниканы, малдарды қауіпсіз жерге көшіру қамтамасыз етілуі тиіс. Өрт сөндіруге жауапты адам өкімшіліктерге өрт сөндіру барысы туралы үзбей хабарлама беріп

ЕГІНДЕРДЕГІ ӨРТТЕР



тұруы тиіс.

Дер кезінде істелген шаралар сіздің денсаулығыңыздың, тыныштығыңыздың кепілі бола алады, мемлекет және халық мүлкін апаттан қорғап қалады.

Өрт туындағаны кезде өрт сөндіру

қызметіне «101» үй телефоны немесе ұялы телефонымен қонырау шалыңыз.

Қ. ӘШІМОВ,

Ескелді ауданының ТЖБ инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСНІҢ КҮШІНЕ ЕНУНЕ ОРАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ НЕ ӨЗГЕРЕДІ

Осы жылдың 1 шілдесінен бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енеді, онда зейнетақы жүйесіне қатысты бірқатар өзгертулер қарастырылған.

Салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктері кеңейеді

Міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) сенімгерлік басқаруына беру кезінде зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі бұдан былай ескерілмейді. Әлеуметтік кодекс күшіне енген кезден бастап салымшы аталған зейнетақы жинақтарының 50% дейін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беруге құқылы.

Сондай-ақ, ерікті зейнетақы жинақтары бар салымшылар аталған зейнетақы жинақтарының 100% дейін ИПБ-ға бере алады.

Зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына қайтару мерзімі 1 жылға қысқарады. Қазір бұл мерзім 2 жылға тең.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй және емделуге пайдалану

Зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан зейнеткерлер міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының 100% дейін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге пайдалана алады. Зейнеткерлердің мұндай санына әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ, арнаулы атақтарға, сыныптық шеңдерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар жатады. Сондай-ақ, бұл санатқа Қазақстан Республикасының ішкі істер

органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай үзіліссіз еңбек сіңірген жылдары болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу абақтылары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда кіреді. Қалған зейнеткерлер, егер олардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері 40%-дан төмен емес деңгейдегі табысты алмастыру коэффициентін қамтамасыз етсе, жоғарыда аталған мақсаттарға міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған өздерінің зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін пайдалану құқығын сақтайды.

Жерлеуге арналған төлем ұлғаяды

БЖЗҚ-да, ЕЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда жерлеуге арналған біржолғы төлем сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕК-тің 52,4 еселенген мөлшерінен 94 еселенген АЕК-ке дейін, бірақ қайтыс болған адамның жеке зейнетақы шотында бар қаражаттан аспайтын мөлшерге ұлғаяды. Ол қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-ның міндеттеріне қосымша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) тарту жүктелді. ЖМЗЖ тек 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған жұмыскерлер үшін жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады және жұмыскердің ай сайынғы табысы-

нан: 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,5% мөлшерінде белгіленіп, 2028 жылы 5%-ға жеткенге дейін жыл сайын 1%-ға ұлғайып отырады. ЖМЗЖ-ны осылай кезең-кезеңмен енгізу жұмыс берушіге түсетін жүктемені жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Зейнетақы жарналары барлығы үшін міндетті

Салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен нысанасы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жеке тұлғалар қазіргі уақытта БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге құқылы. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап тұлғалардың осы санаты БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуге міндетті болады. Осылайша болашақта лайықты төлемдермен қамтамасыз ету үшін халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен қамту шегі кеңейе түсуде.

БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының төмендеуі

БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасы зейнетақы активтерінің 0,01 пайызынан айына 0,008 пайызға дейін азаяды. Бірақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын 0,04 еселенген айлық есептік көрсеткіштің туындысы ретінде айқындалатын шамадан және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында тиісті күнтізбелік айдың 1-күніндегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары есепке алынатын зейнетақы жинақтары бар салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының санынан аспауы тиіс.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

1. После смерти отца, я, как единственный наследник, претендую на его пенсионные накопления. Надо ли мне делать запрос в ЕНПФ о сумме, имеющейся на его счете или мне необходимо обратиться к нотариусу?

АО «ЕНПФ» в соответствии с Законом РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», в случае смерти вкладчика (получателя), выдает справки о наличии индивидуального пенсионного счета, об остатках и движениях средств на нем по письменному запросу наследникам в соответствии со свидетельством о праве на наследство по закону или указанным в завещании, либо судам на основании определения по находящимся в их производстве наследственным делам, а также нотариусам и иностранным консульским учреждениям по находящимся в их производстве наследственным делам.

Для оптимизации взаимодействия и экономии времени, а также исключения излишнего бумажного документооборота, при помощи Единой нотариальной информационной системы «Е-нотариат», нотариусы сами могут направлять запросы в ЕНПФ о наличии у умерших вкладчиков (получателей) индивидуального пенсионного счета в ЕНПФ, об остатках и движениях денег на нем в режиме онлайн, без направления письменных запросов.

Следовательно, при оформлении у нотариуса наследственного имущества в виде пенсионных накоплений Вашего отца, Вам не необходимо делать запрос в ЕНПФ о сумме, имеющейся на его пенсионном счете.

2. Читал, что будут закрываться пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, если на них не делаются отчисления? Я в данный момент безработный, так как попал под сокращение. Значит ли это, что мой счет закроется? Куда в таком случае деть мои накопления?

Нет, Ваш счет не закроется, так как на Вашем индивидуальном пенсионном счете (ИПС), как мы поняли, имеются пенсионные накопления, перечисленные ранее, когда Вы еще работали.

Согласно Правилам ведения учета пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов и добровольных пенсионных взносов на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков (получателей), утвержденным постановлением Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 12 февраля 2021 года № 27, ИПС вкладчиков (получателей) закрываются по истечении одного месяца при условии отсутствия пенсионных накоплений.

Пока на Вашем ИПС есть хоть какая-то сумма пенсионных накоплений, но он временно не пополняется, Ваш ИПС не будет закрыт. Более того, на него будет продолжаться начисляться инвестиционный доход.

Напомним, что невостребованные суммы пенсионных накоплений не подлежат списанию ЕНПФ до востребования этой суммы получателем или его наследниками.

В будущем, при устройстве на работу, Ваши пенсионные отчисления продолжат поступать на Ваш текущий ИПС.

3. С 1 января 2024 года вводятся обязательные пенсионные взносы работодателя в ЕНПФ за счет собственных средств работодателя. Как это происходит и есть ли такая практика в развитых странах?

В рамках коллективных (корпоративных) пенсионных планов, широко распространенных в развитых странах (Великобритания, США, Канада, Новая Зеландия) работник и работодатель отчисляют совместные взносы на пенсионный счет работника т.е. работодатель разделяет ответственность за пенсионное обеспечение своих работников.

Взнос работодателя в пользу работника финансируется за счет собственных средств. Работодатели используют эту возможность как инструмент повышения лояльности работников, привлечения и удержания ключевых кадров, а также с целью обеспечения более высокого уровня пенсионного дохода работников после выхода на пенсию. В Казахстане участниками новой пенсионной системы будут являться работники, в пользу которых работодатели будут перечислять обязательные пенсионные взносы работодателя, исчисленные от ежемесячных доходов работников и перечисленные за счет собственных средств работодателя на персонализированные условные пенсионные счета (далее – УПС) в ЕНПФ.

Открытие УПС в ЕНПФ для учета ОПВР будет осуществляться на основании списка физических лиц, представляемого агентом в ЕНПФ через Государственную корпорацию «Правительство для граждан», при перечислении ОПВР. Для каждого участника системы предусматривается открытие УПС в автоматическом режиме в день принятия списков физических лиц, при поступлении первого взноса или пени в пользу физического лица без УПС с присвоением уникального номера УПС.

Вместе с тем, планируется поэтапное введение ОПВР в следующем порядке: с 1 января 2024 года – в размере 1,5 процента, с ежегодным увеличением на 1 процент – до достижения 5 процентов с 1 января 2028 года. Поэтапное введение ОПВР позволит сгла-

дить нагрузку на работодателя.

Следует отметить, что ОПВР будут осуществляться только за работников, родившихся после 1 января 1975 года.

Право на пенсионные выплаты за счет ОПВР будут иметь лица, достигшие пенсионного возраста, а также лица с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, при стаже участия в системе ОПВР не менее 5 лет (60 месяцев).

Максимальный размер пенсионной выплаты за счет ОПВР не может превышать двухкратный размер прожиточного минимума установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Пенсионные выплаты за счет ОПВР назначаются пожизненно, выплачиваются за текущий месяц и осуществляются по месяцу смерти или выезда на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан включительно.

Обращаем внимание, что в отличие от накопительной пенсионной системы пенсионные накопления за счет ОПВР в условно-накопительной компоненте не наследуются (поскольку не являются собственностью работника и работодателя), но подлежат изъятию из ЕНПФ в виде единовременных пенсионных выплат в целях улучшения жилищных условий и (или) на оплату лечения из ЕНПФ, но могут быть переведены в доверительное управление УИП, а также на них не распространяется государственная гарантия сохранности пенсионных накоплений.

Правительство наряду с введением ОПВР рассматривает возможность снижения нагрузки на фонд оплаты труда работодателя за счет снижения социальных платежей и налоговых послаблений. В целом с введением ОПВР ответственность за пенсионное обеспечение граждан будет распределена между государством, работником и работодателем.

4. Не могу войти в мобильное приложение, хотела поменять номер телефона?

Если Вы меняете указанный номер, то для внесения изменений и актуализации персональных данных у Вас есть два способа:

- 1) на сайте enpf.kz в разделе «Электронные сервисы» выберите подраздел «Внести изменения и (или) дополнения в реквизиты», войдите на страницу с помощью электронно-цифровой подписи (ЭЦП);
 - 2) через отделения ЕНПФ и АО «Казпочта»
- На сайте Вы можете не только внести изменения и дополнения в свои реквизиты, но и получить справку о наличии ИПС, получить выписку с ИПС, направить обращение с интересующим вопросом, заказать выезд «Мобильного офиса», обратный звонок, рассчитать прогнозируемый размер будущей пенсии с помощью «Пенсионного калькулятора». Также через него можно отслеживать состояние счета, узнавать обо всех изменениях в пенсионной системе, посмотреть расположение ближайшего офиса ЕНПФ и даже позвонить в контакт-центр.

Также каждый вкладчик ЕНПФ с помощью сайта и мобильного приложения может узнать, достаточно ли у него средств на ИПС, чтобы реализовать свое право на использование части пенсионных накоплений на улучшение жилья или лечение либо для перевода компаниям, управляющим инвестиционным портфелем.

5. Могу ли я оплатить ЕСП в текущем месяце за прошедшие и как это сделать?

Сразу хотим напомнить, что действие Единого совокупного платежа (ЕСП) как налогового режима для самостоятельно занятых граждан было предусмотрено Налоговым кодексом только на 5-летний период – с 2019 по 2023 гг., то есть он действует только до окончания текущего года.

ЕСП подлежит оплате общей суммой. Уплата ЕСП производится путем внесения ЕСП безналичным способом через банки и организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций, на банковский счет Государственной корпорации «Правительство для граждан» с учетом требований Закона РК «О платежах и платежных системах».

Уплата ЕСП плательщиками осуществляется самостоятельно или третьим лицом в их пользу с указанием месяца календарного года, за который производится уплата ЕСП в формате «ММГГГГ».

При этом, ЕСП может уплачиваться за текущий и последующие месяцы календарного года.

Размер ЕСП:
-1 МРП – для физических лиц, проживающих в городах республиканского значения, столице и областного значения (3 450,00 тенге в 2023 году);

-0,5 МРП – для физических лиц, проживающих в других населенных пунктах (1 725,00 тенге в 2023 году).

ЕСП объединяет в себе четыре обязательных вида платежа:

- обязательные пенсионные взносы в ЕНПФ (30% от общей суммы ЕСП);
- индивидуальный подоходный налог (10% от общей суммы ЕСП);
- социальные отчисления в Государственный фонд социального страхования (20% от общей суммы ЕСП);
- отчисления в Фонд социального медицинского страхования (40% от общей суммы ЕСП).

ЧТО ИЗМЕНИТСЯ В НАКОПИТЕЛЬНОЙ ПЕНСИОННОЙ СИСТЕМЕ С ВСТУПЛЕНИЕМ В СИЛУ СОЦИАЛЬНОГО КОДЕКСА?

С 1 июля текущего года вступит в силу Социальный кодекс, который предусматривает ряд новшеств касательно пенсионной системы.

Расширение инвестиционных возможностей вкладчиков

При передаче пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов в доверительное управление управляющим инвестиционным портфелем (УИП) больше не будет учитываться порог минимальной достаточности пенсионных накоплений. С вступлением в силу Социального кодекса вкладчик вправе будет передать до 50% указанных пенсионных накоплений в доверительное управление УИП.

Также вкладчики, у которых есть добровольные пенсионные накопления, смогут передать в УИП до 100% указанных пенсионных накоплений.

На 1 год сократится срок возврата пенсионных накоплений из доверительного управления УИП в доверительное управление Национальному Банку Республики Казахстан. В настоящее время этот срок составляет 2 года.

Использование пенсионных накоплений на жилье и лечение

Пенсионеры, вышедшие на заслуженный отдых по выслуге лет, смогут использовать до 100 % своих пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, на улучшение жилищных условий и лечение. К такой категории пенсионеров относятся военнослужащие, сотрудники специальных государственных и правоохранительных органов, государственной фельдъегерской службы, а также лица, права которых имеют специальные звания, классные чины и носить форменную одежду упряднены с 1 января 2012 года, и лица, медицинские должности которых сокраще-

ны в органах внутренних дел Республики Казахстан с 1 июля 2022 года и 1 января 2023 года, имевшим на момент сокращения должности выслугу лет не менее двенадцати лет и шести месяцев непрерывной воинской службы, службы в специальных государственных и правоохранительных органах, государственной фельдъегерской службе, при условии продолжения ими работы в медицинских организациях, расположенных в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы. Остальные пенсионеры сохраняют за собой право использовать до 50% своих пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, на вышеуказанные цели, если размер их пенсионных выплат обеспечивает коэффициент замещения дохода на уровне не ниже 40%.

Увеличение выплаты на погребение

Сумма единовременной выплаты на погребение в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления в ЕНПФ, ДНПФ, увеличится с 52,4-кратного до 94-кратного МРП, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете, но не более имеющихся на индивидуальном пенсионном счете средств умершего лица. Она может быть выплачена членам семьи умершего.

Обязательные пенсионные взносы работодателя

С 1 января 2024 года в дополнение к имеющимся функциям ЕНПФ предусмотрено привлечение обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР).

ОПВР будут осуществляться только за работников, родившихся после 1 января 1975 года, за счет собственных средств работодателя и устанавливаются от ежемесячного дохода работника: с 1 января 2024 года – в размере 1,5% и будет ежегодно увеличи-

ваться на 1% – до достижения 5% в 2028 году. Такое поэтапное введение ОПВР позволит сгладить нагрузку на работодателя.

Обязательный характер пенсионных взносов для всех

Физические лица, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, получающие доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказание услуг), заключенным с физическими лицами, не являющимися налоговыми агентами, а также физические лица, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан, работающие в представительствах международных организаций в Республике Казахстан, дипломатических представительствах и консульских учреждениях иностранных государств, аккредитованных в Республике Казахстан, в настоящее время вправе уплачивать ОПВ в ЕНПФ. С 1 июля 2023 года данная категория лиц будет обязана уплачивать ОПВ в ЕНПФ. Таким образом увеличивается охват населения накопительной пенсионной системой для обеспечения адекватными выплатами в будущем.

Снижение комиссионного вознаграждения ЕНПФ

Величина комиссионного вознаграждения ЕНПФ уменьшится с 0,01 процента от пенсионных активов до 0,008 процента в месяц. При этом она не может составлять более величины, определяемой как произведение 0,04-кратного месячного расчетного показателя, установленного законом о республиканском бюджете и действующего на 1 января соответствующего финансового года, и количества индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков (получателей)

с пенсионными накоплениями по учету обязательных пенсионных взносов, открытых в ЕНПФ по состоянию на 1 число соответствующего календарного месяца.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

«**Жеті**» – қазақ халқы үшін киелі сан. **Ата-бабамыз жеті санын қастерлеп, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, ата заңдарына арқау етіп келген. Мысалы, қазақтың дәстүрлі дүниетанымында «Жеті қазына» деген ерекше ұғым бар.**

Жеті қазынаға не кіреді

Бүгінде жеті қазынаның бір емес, бірнеше нұсқасы бар. Қазақ халқы дәріптеген қастерлі дүниеге қатысты талас-тартыс, даулы әңгіме әлі де көп.

Жалпы жеті қазына ертеректе көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырған. Сол себепті оған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті жатқызған.

Ондағы жүйрік ат – ер жігіттің қанаты, қыран бүркіт – қуаты, құмай тазысы – абыройын асырар сенімді серігі, мылтығы – қаһарлы оты, қақпаны – серті, ауы – әдіс-айласы, кездігі – сұсы.

Жүйрік ат

Қазақ халқы жылқыны киелі жануар санайды. Ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан – қазақ жылқысы. Қазақ халқының көшпенді өмір салтында, яғни, өркениетінде жылқының алатын орны айрықшы. Жылқыны қолға үйрету көшпелі өмірді едәуір жеңілдетіп, шаруашылықта маңызы рөл атқарды. Жылқы жорық уақытында басты көлік, ал еті мен сүті азық болды. Сонымен қатар қазақтар жүйрік атқа мініп, аң да аулаған.

Жылқы ер қанаты ғана емес, қазақтың – рухы. Қазақ халқы жылқыны қастерлейтіні соншалық, өзін жылқы мінезді жұртқа теңейді.

Қыран бүркіт

Бүркітті көшпелі қазақ, ең алдымен, күнкөріс есебінде қолға үйреткен. Бұл да халқымыз үшін киелі құс. Жақсы үйретілген қыран ұстаған аңын шоқып тастамай, иесін күтеді. Бүркітпен бір маусымда бірнеше ішік шығатын қасқыр, ондаған тымқаққа қажет түлкі аулаған. Бүркіт – өте алғыр құс, ірі аңдардан бастап қоянға дейін ұстай береді.

Бүркітті аңға салу үшін бірталай жабдық керек. Қыранды алып жүретін аңшы қолына қалың теріден биялай киген, әйтпесе құстың берік шеңгелі иесінің қолын сойып жібереді. Ердің алдына құсты қондыратын тұғыры болады. Бүркіттің көзін томаға жауып тұрады. Аң көрінгенде ғана қыранның көзін ашқан. Мұндай сәтті қазақ «томағасын сыпырды» дейді.

Құмай тазы

Жеті қазынаның бірі – құмай тазы. Тазы – жазық далада аң аулауға арналған ит тұқымы.

Небір сұрыптау арқылы қазақ даласында иттің төбет және тазы аталатын түрлері пайда болды. Тазының алдыңғы аяқтары маймақтау, іші қабысып тұрады. Құлақтары салбыраңқы, жүні тықыр болады. Қатты жүгірген соң, тілін салақтатып, сол арқылы денесін салқындатып алады. Тазы өзінің жүйріктігімен қайран қалдырады.

Жақсы үйретілген тазылар аңды ұстап, өлтіргенмен, оны жемейді. Терісін де бүлдірмейді. Егер аңшылар көрінбесе, үріп, қайда тұрғанын білдіреді. Мұның бәрі тазының ақылды ит екенін аңғартады.

Берен мылтық

Адамзат қолымен жасалған қарудың ішінде мылтықтың жөні бөлек. Бұл қару аңды аңды алыстан атып алуға мүмкіндік береді. Мылтықты қазақ ұсталары өз қолымен жасаған. Ондай ұстаны ертеректе «дархан» деп атаған. Қарудың ұңғысы темірден құйылған, мылтықтың сапалы болуы ұңғының түзулігі мен беріктігіне байланысты. Ұңғының оқпаны әртүрлі болады, оны ғылымда калибр дейді.

Берен мылтық деп атпен алып жүруге ыңғайлы, жеңіл әрі дәл тиетін ұңғысы ұзындау мылтықты айтады. Берен мылтық бір ғана ауызды болады.

Қандыауыз қақпан

Қақпан аң ұстауға пайдаланылған. Қақпан көрініп тұрмас үшін жерді шұқырлай қазып, соған құрған. Бетін шөп-шалам және малдың тезегімен бүркеп қоятын. Сонда ғана адамның иісі қалмайды. Қақпан құрған жердің айналасындағы іздерді сыпырып тастайды.

Қақпан қандай аңға құрылғанына байланысты аталады. Қасқыр, түлкі, қарсақтың қақпаны «қасқыр қақпан» аталады, жолбарыстың, қоян, суырдың, тіпті тышқанның өзіне лайық жасалған қақпаны болады.

Құрылған қақпанның ортасында тілі болады. Аңдар оны абайсызда басып кеткенде, тіл тиекті босатып, қақпан сарт еткізіп қауып қалады. Қашан иесі келіп, серіппесін басып ашқанша, ештеңені босатпайды.

Майланғыш ау

Қазақ ортасында балық аулауды кәсіп еткен бір қауым ағайын болды. Олар Каспий мен Арал теңіздерін, Зайсан, Балқаш, Алакөл мен басқа да көлдердің жағасын мекен еткен.

Балық аулауға ыңғайлы құрал ау деп аталады. Қайық немесе кемемен екеулеп сүзіп шығатын аудан басқа, су ортасына керіп қоятын аулар да бар. Оны «жылым» дейді. Кәнігі балықшылар балықтың суда жүзетін жері мен жайылатын уақытын біледі. Жылымды сондай тұста құрып кетеді.

Кездік

Ұрыс тұрмақ, бейбіт күнде әрбір ер-азамат жанынан тастамайтын құрал кездік деп аталады. Ол жігітке ерекше сұс береді. Сондай-ақ ел арасында сыйлы азамат екенін білдіріп, абыройын арттырған. Кездік белбеуге ілініп, кез келген уақытта суырылып алуға ыңғайлы болады. Кездіктің бір жағында ғана жүз бар. Ол өте өткір қайралады. Қазақ оны жалаңдатып ұстамай, қынға салып қояды. Жігіттер кездікті аң мен малды бауыздап, сою үшін, тал кесу үшін пайдаланған. Сондықтан ешқашан кездігін жанынан тастамаған. Ертеректе әркімнің өз кездігі болған, бала ержеткенде әкесі оған кездікті арнайы соқтырған.

Жеті қазынаның басқа нұсқалары

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы жеті қазынаны былайша жүйелеген:

«Мұны «ер жігіттің жеті қазынасы» деп анықтап айту керек. Бұл ер-азаматтың жеке басына, тұрмыс-тіршілігіне қажетті бағалы дүниелеріне байланысты айтылған.

Жүйрік ат – жігіттің қанаты. «Ат – ер қанаты» дегендей, атысз жігіттің күні қараң болған;

Қыран бүркіт – жігіттің алғырлығы, бүріп түсер күш-қуаты;

Құмай тазы – сенімі, досқа адал беріктігі;

Берен мылтық – оты, қаһары;

Қақпан – серті, бірсөзді мәрттігі;

Алмас кездігі – сұсы, айбыны;

Сұлу әйел – елдің бәріне сұлу қайдан табыла берсін, бірақ сұлу болсын-болмасын, ол – ер-азаматтың артындағы қамалы, отының берекесі. Сұлу әйел дегенде тек бет көркі емес, оның жан тазалығы, ақыл-парасатын айтқаны болуы керек. Беті жылтыраған ұрғашының бәрі қазынаға жатпаса керек. Сөздің қысқасы, ер жігіттің басындағы осы жетеуі түгел болса, таршылық көрмейді депті бұрынғылар».

Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова «Бабалар аманаты» кітабында батырдың жеті қазына жайлы әңгімесін былайша жүйелеп жазып берген:

«Жеті қазына» әр елдің тұрмыс-тіршілік салтына, таным-нанымына қарай әртүрлі айтылатыны – табиғи нәрсе. Ертедегі грек-аңыз-әңгімелерінде жиі кездесетін «жеті қазына» өзге халықтарға, оның ішінде қазаққа да тән деуге де болады. Өйткені мұндай айтылатындардың барлығы адамзатқа ортақ. Оны былайша таратады:

Біріншісі – Аспан. Аспан дүние жаратылыстың тылсын құпия сырларын аясына сыйғызып тұр. Өмірге пана болып, аспан денелерінің қалпын сақтап тұрған көк күмбез – планеталар мен жұлдыздардың құтты мекені

Екінші қазына – Күн. Күн – әлемдегі тіршілік тірегі. Күллі адамзат, өсімдіктер әлемі, құрт-құмырсқа, жан-жануар күннің шуағынан нәр, күш-қуат алады. Күнсіз тіршілік жоқ.

Үшінші қазына – Ай. Ай – әлемнің түнгі нұры. Ай болмаса дүниені қара түнек басар еді. Жаратылыстың түнгі ырғағы бұзылады.

Төртінші қазына – Жер. Жер – барлық тіршілік иесінің анасы. Жер болмаса, ешнәрсе өсіп-өнбес еді.

Бесінші қазына – Су. Сусыз тіршілік жоқ. Су – таза. Оның тазалығын сақтау өмір-тіршілікті сақтау екенін бұрынғы замандарда ата-бабалар жақсы түсініп, бізге өсиет еткен.

Алтыншы қазына – От. От – Күннің жердегі ұшқыны. Ертедегі адамдар оттың жылу, жарық беретін, суықтан қорғап, ауру-сырқаудан сақтайтын құдіретін жан-тәнімен түісініп, түсінген. От бар жерде өмір бар.

Жетінші қазына – Ит. Ит адамзаттың жер бетіндегі алғашқы серігі, қорғаушысы. Итті басынан ұрмайды, аяқпен теппейді».

Енді бір нұсқада жеті қазынаға ер жігітті, сұлу әйелді, ілім-білімді, жүйрік атты, құмай тазыны, қыран бүркітті және берен мылтықты жатқызады. Негізінен, ел арасында жеті қазына турасында осы нұсқа көп айтылады.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Құрметті Сәуле Рысбекқызы!

Сізді және аудан көлеміндегі барлық дәрігерлер мен медбикелерді және медицина саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді алдағы келген кәсіптік мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздің қарыштап даму жолында адамдардың денсаулығы бірінші орында, сол үшін де сіз жылдар бойы аянбай еңбек етіп, субелі үлес қосып келесіз. Барлық қажыр-қайратыңыз бен тәжірбиенізді аямай, ел денсаулығы жолындағы елеулі еңбектеріңіз әрқашан елене берсін!

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген.

Адам өміріне арашашы абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілей отырып, кәсіби біліктіліктеріңіздің арқасында биік асулардан көріне беріңіздер деген тілегімді білдіремін.

Бимурат Көпбайұлы БОРАНБАЕВ,

Ізгі ниетпен

Аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы,

Ауданның құрметті азаматы

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

2023-2024 ж. ж. жылыту маусымына дайындық жұмыстарының басталуына байланысты «Ескелді ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Ескелді ауданының тұрғындарын суық ауа райының басталуымен дүрбелең болдырмау мақсатында, алдын ала қатты отын сатып алуға шақырады.

Айта кетейік, Қарабұлақ ауылында 1 көмір тұйығы бар.

- Халық үшін бір жылға арналған көмір тұйығының жоспары 38,6 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі таңда 1 мамырдан бастап 200 тонна көмір сатылды.

Қоймада 600 тонна бар, яғни тұйық көмірмен толық қамтамасыз етілген.

Көмірдің бір тоннасының орташа бағасы жеткізуді есептемегенде 17 200 теңгені құрайды.

Уважаемые жители

Ескельдинского района!

В связи с началом подготовки к отопительному сезону 2023-2024 г.г.

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Ескельдинского района» призывает жителей Ескельдинского района заранее закупаться твердым топливом, чтобы избежать ажиотажа с наступлением холодов.

Стоит отметить, в селе Карабулак имеется 1 угольный тупик.

- План угольного тупика на год для населения составляет 38,6 тыс. тонн. На сегодня с 1 мая реализовано 200 тонн угля.

В наличии есть 600 тонн, то есть тупик полностью обеспечен углем.

Средняя цена за тонну угля в тупике составляет 17 200 тенге, без учета доставки.

АРАЙ БІЛІМ – ҚАРАБҰЛАҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

12, 14-сынып оқушыларына арналған курстар:
1) Математика арқылы өлшемді есептерді шешу. / 2) Математика арқылы өлшемді есептерді шешу.

5,6-сынып оқушыларына арналған курстар:
1) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 2) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 3) Математика және оқу құралдары. / 4) Ағылшын тілі курстары.

7,8,9-сынып оқушыларына арналған курстар:
1) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 2) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 3) Математика және оқу құралдары. / 4) Ағылшын тілі курстары.

10,11-сынып оқушыларына арналған курстар:
1) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 2) Қазақ тілі: мәнерлік, өлең, аңыз, ертегі. / 3) Математика және оқу құралдары. / 4) Ағылшын тілі курстары.



- МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯР-
ЛЫҚ
- БАСТАУЫШ СЫНЫП,
ТЖБ, БЖБ,
- КӨРКЕМ ЖАЗУ
- АҒЫЛШЫН ТІЛІ
- ОРЫС ТІЛІ
- ҰБТ-ға ДАЙЫНДЫҚ
- НЗМ, КТЛ,
20, 24 ЛИЦЕГЕ
ДАЯРЛАУ

Біздің

мекен-жайымыз:

Қарабұлақ а.

Балық би көшесі 109

Телефон: 87474287029,

87057431326 (WhatsApp)

arabilmkarabulak

(инстаграммы)



Ал кейбір деректерде жеті қазынаның қатарына қазан, диірмен, садақ, кітапты да қосқан. Мұның бәрі жеті қазына турасында әлі күнге дейін ортақ пікірдің жоқтығын көрсетеді.

Жеті ырыс

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсініктердің тағы бірі жеті ырыс.

Қазақ халқы жеті қазынаны жеті ырыс деп танып, оған мыналарды жатқызған:

адамның ақыл-ойы, санасы;

денсаулық (бірінші байлық – денсаулық);

ақ жаулық (үйдегі әйел – ердің жары, балалардың анасы);

бала (өмір жалғасы);

көңіл (көңіл мен пейіл кең болса, ынтымақ, береке орнайды);

жер (жерсіз – ел тұл, ерсіз – жер тұл);

ит (адамның сенімді серігі).

Ислам аңызы бойынша жеті қазынаға мыналар жатқызылады:

Қыдыр (қызыр). Ол өзі ұнатқан адамдарына ғана дариды. Қыдыр дарыған адам байлыққа кенеледі деген түсінік бар;

Бақ. Ерекше жаратылған құдірет иесі. Бақ дарымайды, қонады. Бақ қонған адам ел мен жерге қожалық етеді;

Ақыл — байлық пен бақыттың тірегі;

Денсаулық. Деніңізде саулық болмаса, өміріңізде сән де, мән де болмайды делінеді;

Ақ жаулық. Діни аңыздар бойынша, Алла адамды топырақтан жаратып, жан берген соң, адам ұрпағын тарату үшін оның сол жақ қабырғасының біреуінен Хауа Ананы жаратқан;

Тұз. Тұз — Алланың адамдар мен жан-жануарларға берген несібесі, таусылмайтын кені;

Ит. Адам мен Хауа Ананың алғашқы серігі, қорғаушысы.

Дін жолындағы ұстаздардың сөзіне қарағанда жеті қазына шарифат негіздеріне қайшы емес.

Өйткені бұл ұғымның ешқандай наным-сенімге қатысы жоқ. Ертедегі тұрмыс-тіршілікке қатысты айтылған дүние.

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. **«Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында** басылды. **Баспахананың мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.**

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 611 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. **Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.**